



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
имени АЛЬ-ФАРАБИ

**«БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН
ЖАҢҒЫРТУ: АККРЕДИТАЦИЯ ЖӘНЕ
КАДРЛАР ДАЙЫНДАУ САПАСЫНЫҢ КЕПІЛІ»
46-ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ**

14-15 қаңтар 2016 жыл

2-кітап

**МАТЕРИАЛЫ
46-й научно-методической конференции
«МОДЕРНИЗАЦИЯ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ
ПРОГРАММ: АККРЕДИТАЦИЯ И ГАРАНТИЯ
КАЧЕСТВА ПОДГОТОВКИ КАДРОВ»**

14-15 января 2016 года

Книга 2

Алматы 2016

Садықова Н.М., Ахтаева Н.С., Жұбаназарова Н.С., Болтаева А.М. Жоғары оқу орнында мамандарды кәсіби даярлау кезеңінде студенттердің өзіндік анықталуының ерекшеліктері	80
Сальников В.Г., Тажибаева Т.Л., Полякова С.Е. Повышение квалификации ППС по внедрению принципов «Зеленого офиса» в учебных заведениях Казахстана	83
Самалдыков М.К., Апенев С.М. О некоторых гарантиях к качеству подготовки юристов-международников (на примере курса уголовного права РК и ЗС)	87
Сансызбаева Г.Н., Баймуханбетова Э.Е. Модернизация образовательных программ обучения как условие повышения качества подготовки специалистов в КазНУ имени аль-Фараби	91
Сансызбаева Г.Н., Баймуханбетова Э.Е., Аширбекова Л.Ж. Совершенствование системы повышения квалификации ППС вузов как основа обеспечения качества образования в университете	94
Сейлханова Г.А., Оспанова А.К., Панова Е.Н. Практико-ориентированное обучение при подготовке специалистов в области химии и химической технологии	98
Сейтжанова А.К., Уварова А.К., Плохих Р.В. ЕМІ в Казахстане: сложности и задачи	100
Сейітнұр Ж.С., Аймағанбетова А.Х., Тлеугабылова З.А. Білім беру бағдарламасын жанартуда Қазақстандық ерекшеліктерді ескеру	105
Сиротина С.Г., Шепетюк Н.М. Некоторые вопросы практикоориентированного обучения по специальности «Физическая культура и спорт»	108
Скиба М.А., Турганбаева А.Р. Обучение в вузе с позиции формирования профессиональной компетентности	112
Смағұлов С. Білім беру мазмұнын жанарту жағдайында студент-жастарды отансүйгіштік рухта тәрбиелеудегі ұлттық тарихтың рөлі	116
Солтиева Б.Ш., Сойкина Н.Ю. «Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандығының студенттерін дайындаудағы кәсіби мәселелері	120
Сүлейменова О.Я., Хасанов Б. Ж. Болашақ мамандарды даярлауда бейорганикалық химия білімін бақылау мен бағалаудың жолдары	123
Султанова Б.Б. Методические основы организации научно-исследовательской практики магистрантов	126
Султанова Б.Б., Исаева А.А., Тураров Д.Р. Тәжірибеге бағытталған білім беру жүйесі студенттердің біліктілігін қалыптастырудың негізгі шарты ретінде	129
Супугалиева Г.И. Еңбек нарығына қажетті түлектерді тәжірибеге бағытталған дайындықтан өткізу	132
Сұлтанбаева Г. «Журналистика» мамандығы бойынша білім беру бағдарламаларын өзірлеу	134
Тәжібаева С.М., Түсюпова Б.Б., Артықова Д.М., Қоқанбаев А.Қ., Мұсабеков Қ.Б. Өндіріске бағытталған пәндерді оқыту ерекшеліктері	138
Тажибаева Т.Л. Практико-ориентированное обучение по курсу «Организация и планирование научных исследований»	139
Тажиева С.К., Баймухамбетова Э.Е., Аширбекова Л.Ж. Системный подход в подготовке специалистов по логистике	143
Тасибеков Х.С., Ергобек Ш.К., Мусабекова А.А., Тажибаева С.М., Ефремов С.А., Наурызбаев М.К., Кудреева Л.К., Оспанова Ж.Б. Новые подходы в подготовке инженерных кадров	146
Тастемирова Г.А., Тилеужанова Г.Т., Сапаева Г.Е. Қазақ тілін ауған тыңдаушыларына үйретудегі кейбір ерекшеліктер	152
Таубаева Ш.Т. «Педагогиканың философиясы және әдіснамасы» пәнінің негізгі оқу бағдарламасын жобалаудағы логикалық-құрылымдық сызбалардың әлеуеті	154
Ташкеева Г.К., Мурадов А.Д. К вопросу организации практикоориентированного обучения в вузе	156
Торманов Н., Атанбаева Г.К., Уршеева Б.И. Студенттердің білім деңгейін бақылау және бағалау жайлы пікірлер мен ұсыныстар	162
Төлебаев Т.Ә. Тарихи білім беру жүйесін модернизациялау – сапалы маман даярлау кепілі	163
Тукеев У.А., Бельгибаев Б.А., Омаров Б.С. Реализация подготовки магистрантов со специализацией "Автоматизация и управление технологическими процессами" по ГПИИР-2	167

преобразования республиканского центра ускоренного обучения государственному языку. В рамках реализации культурного проекта «Триединство языков» стоит задача повысить роль государственного языка как фактора укрепления государственности Казахстана, сохранить высокий уровень знания русского языка, а также создать условия для овладения английским языком.

Система непрерывного и преемственного обучения на английском языке предусматривает единое управление качеством образования. Важными компонентами управления образовательной системой в Казахстане должны стать:

- социальный заказ;
- научно-методологические основы образования;
- нормативно-управляющая документация;
- учебно-методическое обеспечение;
- образовательная программа, которая обеспечивает целевые, содержательные, технологические и ресурсные основы;
- вариативные образовательные программы, сопровождающие их учебники и учебно-методические комплексы нового поколения, инновационные технологии и ресурсная база;
- контрольно-корректирующие механизмы.

Важным компонентом профессиональной подготовки студентов является применение в процессе обучения на английском языке профессионально-ориентированных технологий, использование заданий с применением метода имитации профессиональной деятельности, анализа производственных ситуаций. Тренинги ЕМІ, проводимые в Великобритании, странах Восточной Европы и Юго-Восточной Азии делают фокус на том, что должен быть дифференцированный подход к студентам разных курсов, например, в первом семестре начинать с тезаурусов, а полный переход на язык со сложными терминами к четвертому или пятому семестру. Следует организовать семинар по теме ЕМІ, пригласив лекторов, преподающих на английском языке, специалистов ЕМІ, а также представителей с методического бюро университета. Совместными усилиями на общеуниверситетском, городском и республиканском языках система ЕМІ действительно принесет должный эффект в сфере образовательных услуг Казахстана.

References

1. Julie Dearden, 2014. English as a medium of instruction – a growing global phenomenon. University of Oxford, Interim report, April.
2. The official statistical data information of Kazakhstan, page Education: <http://stat.gov.kz/faces>
3. <http://naric-kazakhstan.kz/kz/home/o-isentre/strategiya-razvitiya>

Сейітнұр Ж.С., Аймаганбетова А.Х., Тлеугабылова З.А.

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАҒАРТУДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІ ЕСКЕРУ

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа жүйесі жасалып, отандық жоғары оқу орындары әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге бағыт алуда. Бұл оқыту теориясы мен практикасына елеулі өзгерістер әкелуде: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша талаптар пайда болды. Еліміздегі ғылым және ғылыми-техникалық саясат тұжырымдамасында ғылымды демократияландыру, интеграциялау, инновациялық процестің білім мен ғылым саласында кең қолданудың маңыздылығын атап көрсеткен. Білім берудің реформалауды жүзеге асырудың және бір маңызды сипаты қазіргі уақыттағы жоғары оқу орнының белгіленген даму деңгейін ресми түрде мойындау және оның ұсынатын білім беру қызметінің сапасын бағалау үрдісі. Жоғары оқу орындары үшін тізімге енгізілген агенттіктерде халықаралық, ұлттық, институционалдық және мамандандырылған аккредитациядан өту стратегиялық міндеттердің бірі болып отыр. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көшбасшысы ретінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің бірқатар білім беру бағдарламалары халықаралық мамандандырылған аккредитациядан өтті және өтуге дайындалуда (ASIIN, ACQUIN, AQA). Аккредитацияға дайындалу шеңберінде

аккредитатталу бағдарламаларды дамыту жөніндегі жұмыс топтары алға қойылған міндеттерді орындау бағытында айтарлықтай жұмыс жасауда. Бұл біздің университет тарапынан берілетін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдардың құжаттардың халықаралық деңгейде танылуына жасалған маңызды қадам болып табылады. Аккредитация қорытындылары бойынша жоғары оқу орындарының рейтингтері анықталады. Дүниежүзінде осы сияқты рейтингтер жұмыс берушілер үшін кадрларды іріктеуде, әр түрлі фирмалардың, ұйымдардың басшылары үшін бизнес, ғылыми ынтымақтастық бойынша және т.с.с. жағдайларда серіктестерді іріктеуде бағдар беретін нысана болып табылады. Бірақ бұйрықты түрде мәжбүрлейтін үзілді-кесілді талап емес. Сондықтан аккредитациядан өтудің ерікті түрде болуы аса маңызды. Байқап отырсақ, әлемдік тәжірибеде мұндай істерге формальдылық үшін ғана емес, оның салдарын зерделеп, асықпай, әбден дайындалып келеді екен. Оның үстіне ғылым саласында жүрген адамдар кез келген дүниеге күдікпен қарауы заңдылық. Француз ғалымы, философ, математик, физик және физиолог Рене Декарттың әйгілі «Мен ойлаймын, демек өмір сүремін» деген нақылын рационализмге негізделген ғылымның өкілдері ұстанбаса, кім ұстанбақ? Ақиқатқа жету үшін "бәрінен күдіктену" әдіснамасын жасаған батыс философының тұжырымымен қазақстандық ғалымдар да келіседі ғой деп ойлаймын.

Біздің айтпағымыз, тіпті ең озық әлемдік тәжірибені біздің жағдайға соқыр көшіруге болмайды. Бөленбай жылдар бойы білім беру жүйесінде жинақталған өз тәжірибемізді лақтырып тастау, жоққа шығару қаншалықты дұрыс? Сырттан әкелгенді ойланбастан тікелей механикалық көшірудің теріс зардаптары туралы көптеген мысалдар келтіруге болады. Қазір біздің университетте кейбір мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын құрастыру жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, психология мамандығының оқу бағдарламалары түбегейлі түрде өзгерді деуге болады. Әсіресе магистратура мен докторантура бағдарламалары батыстық жоғары оқу орындары бағдарламаларымен толық дерлік барабар болып отыр. Бірақ, бізді ойландыратын мәселе: бұл оқу бағдарламаларындағы қазақстандық мазмұнның үлесі. Жалпы қазақстандық ерекшелік қаншалықты сақталғаны. Елбасы өз сөздерінде отандық өнім туралы жиі айтады. Оны мемлекеттің дағдарысқа қарсы саясатының маңызды бағыты деп санайды. Бұл жердегі негізгі міндет – отандық тауарлар мен қызметтерге, өнімдерге ішкі сұранысты ынталандыру. Қазақстандық үлесті дамыту – бұл Елбасымыздың үкімет алдына қойған «Үкімет үшін қазақстандық үлесті дамыту ең бірінші мәселеге айналуы тиіс. Біз оны ең болмағанда 50% дейін жеткізуімізге міндеттеміз» деген стратегиялық тапсырмасына сәйкес болып табылады. Рухани өнімдерде де отандық сипат болуы тиіс. Қазіргі уақытта қазақстандық қамтудың болуын растайтын СТ-KZ сертификаты білім беру қызметіне берілсе жөн болар еді. Оқыту бағдарламаларын СТ-KZ сертификатта көрсетілген қазақстандық құрамның пайыздық қатынасымен өзара сабақтастыру керек. Кем дегенде сыртқы елдердің тәжірибесін біздің елге лайықтауымыз керек. Биологиялық ғылымдарда «акклиматизация» деген ұғым бар. Ол хайуанаттарды, өсімдіктерді жаңа жердің жағдайына үйрету, бейімдендіру, жерсіндіру деген мағынаны береді. Африканың жолақ түсті тағы жылқысы (зебра) мен австралиялық кенгруді Қазақстанға көзсіз әкеле салмайсың. Яғни, кез келген экожүйеге бөгде дүние жерсінуді тиіс. Алайда, жаңа түрді орналастыру, әдетте, экологиялық тепе-теңдікті бұзады, қалыптасқан қоректік тізбекті өзгертеді, жергілікті түрлерді ығыстырып шығарады. Сондықтан көшіру процесінде өте сақ болуды, мүмкін болатын салдарды ескеруді қажет етеді. Белгілі бір түрді жаңа ауданға қоныстандыру үшін де кешенді жағдайлар жасалынады екен. Мұндай талаптың білім жүйесіне де қатысы бар. Шетелден импортталған оқу бағдарламалары неліктен Қазақстан сертификатын алмайтыны түсініксіз.

Жыл сайын жоғары оқу орнын тамамдап шығатын дипломды жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз етуді жүзеге асырудың бір жолы офсеттік саясат. Офсеттік саясат тек экономикаға ғана емес білім мен ғылым саласында да басым бағдар боп табылуы тиіс. Бұл мемлекеттік идеологияға айналуы керек. Ал түптің түбінде кез келген бағдарлама мемлекеттің өнеркәсібін, отандық жұмыс күшін дамытуға бағытталуы керек. Тек өз еліміздегі адам капиталын дамыту технологиялық серпіліске негіз бола алады.

Әлемдегі жаһандану үдерісі қоғам, саясат, экономика, ғылым, тіпті рухани құндылықтар сынды өмірдің барлық аспектілерін қамтитыны бәріне түсінікті. Жаһандану білім беру саласын да айналып кете алмайды. Заманның осы бір көкейкесті әрі пәрменді талабына әрбір этнос, ұлт өзінше жауап беріп жатыр. Біреулері оның ағымына еш қарсылықсыз мойынұсынса, ал өзгелері өзіндік төлтумалылықты сақтап қалу үшін әрекет етуде. Өз тарихын, рухани мұраларын, құндылықтарын, әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрін сақтай отыра заман көшінен қалмай келе жатқан

мемлекеттер бар екенін білеміз. Оның үстіне әр этнос тарих субъектісі ретінде өзіне тән этномәдениет тудырады. Соны өскелең ұрпаққа танытады әрі қалдырады. Бұл сол ұлттың өзі-өзі сақтау инстинкті болып табылады. Реформаны жүзеге асыруды қолға алған адамдардың технократтық ойлауы салдарынан ұлттың мәдени қайта жаңғыру, қайта түлеу қызметі бұзылуда. Қазақстандық мазмұнның үлесі кемуде. Еліміздің жоғары мектептерінде кәсіби даярлау бағдарламалары нәтижесінде мамандарымыздың кәсіби ойлауы мен ұлттық мәдени ойлауы арасында алшақтық пайда болды.

Біз ЮНЕСКО-ның «Реформа және жоғары білімнің дамуы» атты бағдарламалық құжатында айтылғанмаңызды ұсынымдарды ұмытпауымыз керек: «Білім беруде шетелдік концепциялар мен құндылықтарды тікелей алып пайдалану әрі аймақтық және ұлттық мәдениет пен философияны ескермеудің түбі апарып соғатын теріс салдары бар. Бұл маңызды қорытындыны жоғары білім саласында реформа жасап жатқан мемлекеттер өз қаперіне алуы тиіс еді. Демек, әр мемлекет өз ұлттық мүддесін, құндылықтарын сақтауы тиіс. Халықаралық еңбек нарығында қазақстандық азаматтардың жұмыс істегеніне ешкім қарсы емес, алайда кәсіби мамандарымыз ең әуелі өз елімізде қызмет етуі тиіс. Бастысы мамандарды кім үшін даярлайтынымызды анықтап алуымыз керек.

Біз бүгінгі таңда оқытуда құзыреттілік тұрғыдан келу туралы жиі айтамыз. Алайда этномәдени құзыреттілік түсінігі барын ұмытып кетіп жатамыз. Жалпы ғылымда этномәдени құзыреттілік ұғымына әр түрлі анықтамалар берілген (Н.Г. Арзамасцева, М.Л. Воловикова, А.С. Купавская, Н.М. Лебедева, Т.В. Пошгарева, Т.Г. Стефаненко, J. Berry, P. Pedersen, D.W. Sue, T. Cross, I.B. Krause және т.б.). Мәселен, ресейлік ғалым Т.В. Пошгарева өзінің докторлық диссертациясында «Полиэтностық білім ортасындағы оқушылардың этномәдени құзыреттілігін қалыптастыру» оны тұлғалық қасиет ретінде қарастырады: «этномәдени құзыреттілік - бұл төл немесе өзге этностық мәдениеттер туралы объективті білімдер мен көзқарастардың жиынтығынан тұратын, тиімді этносаралық өзара түсіністік пен әрекеттестікке мүмкіндік туғызатын дағдылар мен машықтар, мінез-құлық үлгілері арқылы жүзеге асатын тұлға қасиеттері» (1). Этномәдени құзыреттіліктің төрт түрін бөліп көрсетеді: *мәдени* (белгілі бір этнос мәдениеті мен оның өкілдеріне тән ерекшеліктерді, бейім-бағдарларды, құндылықтарды білу және түсіну); *коммуникативтік* (тиімді этносаралық түсіністік пен әрекеттестікті қамтамасыз етуге қажетті механизмдер мен тәсілдер); *әлеуметтік* (мәдениаралық байланыстың салдары, мәдениаралық бейімделудің ерекшеліктері туралы білімдер мен көзқарастар, сондай-ақ басқа этностық ортамен бірлескен іс-әрекетке қосылу машығы болуы); *тілдік құзыреттілік* (ана тілі, мемлекеттік және халықаралық (шет) тілдерді білу).

Психологиялық ғылымдарда этномәдени құзыреттілік мәселесі педагогтарға қарағанда аз зерттелінген. Әлеуметтік психология саласында бұл мәселені тұнғыш рет арнайы зерттеген А.С. Купавская (2). Ол өз зерттеуінде этномәдени құзыреттілікті метақұзыреттілік ретіндегі қарым-қатынас құзыреттілігімен байланыстыра қарастырған. Құзыреттілік тұрғысынан этномәдени құзыреттіліктің үш құрамдас бөліктен тұратын үлгісін ұсынады (когнитивтік, мотивациялық және мінез-құлықтық). Полимәдени оқытудағы түрлі бағдарламалардың нәтижелерін салыстырмалы талдай отыра өз нұсқасын ұсынады.

Жалпы білім жүйесінде кәсіби білім беру маңызды ма әлде тұлға қалыптастыру маңызды ма? Соны анықтап алу керек. Біздің негізгі мақсат – патриот ретінде өз елінің тарихын, салт-дәстүрін жақсы білетін, мемлекеттік рәміздерін құрметтейтін азаматтар тәрбиелеу.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Пошгарева Т.В. Формирование этнокультурной компетентности учащихся в полиэтнической образовательной среде : дисс. д.пед. наук . - Владикавказ, 2009.- 383 с.
2. Купавская А.С. Развитие этнокультурной компетентности подростка методом социально-психологического тренинга : дисс. канд.психол.наук . - Москва, 2008. - 159 с.